




ХАБАРЛАНДЫРУ!!!

Ақтөбе қаласы Астана ауданы, Әбілқайыр хан даңғылы - 7 мекен жайында орналасқан «№ 34 орта мектебі» КММ -сіне қажетті бос жұмыс орындарына enbek.kz порталында, мектептің «<https://34school.edu.kz>» сайты мен school34@mail.ru ресми аккаунтында жарияланып отырғанын хабарлайды.

Педагогтерді орта білім беру ұйымдарына лауазымдарға тағайындау конкурсы “Педагогті жұмысқа қабылдау” модулінде (бұдан әрі - Модуль) (<https://hr-nobd.edu.kz/>) жүзеге асырылады.

Конкурс «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығының талаптарына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде жүргізіледі, яғни 2025 жылғы 15-24 қыркүйегі аралығында қабылданады. Конкурстық комиссияның қорытынды Қағиданың 119- тармағына сәйкес 5 жұмыс күні аралығында өткізіледі.

Конкурс өткізуге байланысты төмендегі мәліметтерді ұсынады:

-білім беру ұйымының атауы: Ақтөбе қаласы Астана ауданы, Әбілқайыр хан даңғылы 7 мекен жайда орналасқан «№ 34 орта мектебі» КММ, оқу тілі-қазақша. Байланыс телефоны 8(7132)46-77-17

Мектеп почтасы: school34@mail.ru

-бос лауазымның атауы:

1. Музыка пәні мұғалімі – 1 орын (тұрақты, 13 сағат);
2. Кәсіптік бағдар беруші мұғалім

(педагог-профориентатор) - 1 орын (тұрақты, 1 бірлік)

-Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары: "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығының талаптарына сәйкес болу керек.

Конкурсқа қатысуға ниет білдіргендер келесі құжаттарды электронды түрінде тапсырады:

1) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу(тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

7) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;

8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;

9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератор немесе педагог-сарапшы немесе педагог-зерттеуші немесе педагог-шебер біліктілік санатының болуы туралы куәлікті (бар болса) немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе IELTS (IELTS - айелтс) – 6,5 балл; немесе тойфл TOEFL (internet Based Test (iBT)) – 60-65 балл көрсеткіші бар сертификат;

11) осы Қағидаларға 12, 13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;

12) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқу орнынан ұсыным хат.